

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау - кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Наушабек Нұрдәулет Айтбайұлы

Автожолын қайта қалпына келтіру және төсеу
негізіндегі геодезиялық жұмыстар

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы

Алматы 2019

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

ҚОРЫҚА ЖІБЕРІЛДІ
НАУШАБЕК НАУШАБЕКОВ
Кафедра меңгерушісі,
Доктор PhD
Горно-металлургический
институт им. О.А. Байқоңурова

Б.Б.Имансакипова

« 14 » 05 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Автожолын қайта қалпына келтіру және төсеу
негізіндегі геодезиялық жұмыстар

5B071100 – «Геодезия және картография

Орындаған:

Наушабек Н.А. Наушабек.Н.А

Ғылыми жетекші:

Кыргызбаева Г.М. Кыргызбаева.Г.М

« 14 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты
«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы
5B071100- Геодезия және картография



Б.Б.Имансакипова
2019 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Наушабек Нұрдәулет

Тақырыбы: «Автожолының қайта қалпына келтіру және төсеу негізіндегі геодезиялық жұмыстар»

Университет Ректорының 2018 жылғы «08» X №1113-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «15» 05

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

Дипломдық жұмыста қараластырылатын мәселелер тізімі

- а) Автомобиль жолдарын салу кезіндегі геодезиялық жұмыстар
- б) Көлсай-Алматы автожолын қайта қалпына келтірудегі геодезиялық жұмыстар

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетелуі тиіс)

Сызба материалдарын 12 слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 5 атаудан тұрады

1 СНИП РК 1.03 – 26-. 2004 Геодезические работы в строительстве. Алматы: Изд-во стандартов, 2004

2 Пояснительная записка(автодорога Ауқатты-Бәйтерек, 7.4 км)

3 Инженерная геодезия: Учебник/ Г.А.Федотов. – 4-е изд., стер. – М.: Высш.шк., 2007. – 463 с.:ил.

4 ПТБ-88 Правила по технике безопасности на топографо-геодезических работах. Справочное пособие. - М.: Недра, 1991




5 Практикум по курсу инженерной геодезии. /Под ред. А.А. Губко – М.: Недра,

Дипломдық жұмысты (жобаны) даярлау


КЕСТЕСІ

| Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі | Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері | Ескерту |
|--|--|---------|
| Геодезия | 29.04.19 | |
| Автожолын қайта қалпына келтірудегі геодезиялық жұмыстар | 29.04.19 | |

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған қолтаңбалары


| Бөлімдер атауы | Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы) | Қол қойылған күні | Қолы |
|--|---|-------------------|---|
| Геодезия | Кыргызбаева.Г.М т.ғ.к., ассистент профессор | 14.05.19 |  |
| Автожолын қайта қалпына келтірудегі геодезиялық жұмыстар | Кыргызбаева.Г.М т.ғ.к., ассистент профессор | 14.05.19 |  |
| Қалып бақылаушы | Нукарбекова Ж.М., т.ғ.м., ассистент | 13.05.19. |  |

Кафедра меңгерушісі




Имансакипова Б.Б.

Ғылыми жетекші



Кыргызбаева.Г.М.

Тапсырманы орындауға алған бәләм алушы



Наушабек Нұрдәулет

Күні

«14» 05 2019ж.

АҢДАТПА

«Көлсай-Алматы» автожолының қайта қалпына келтіру және кеңейту негізіндегі геодезиялық жұмыстар» тақырыбындағы дипломдық жұмыс жалпыеуропалық деңгейдегі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігін және жайлылығын қамтамасыз ету үшін қажетті автомобиль жолдарын салу, қалпына келтіру, жаңарту кезіндегі геодезиялық қамтамасыз ету мәселелеріне арналған.

Дипломдық жұмыстың объектісі Көлсай-Алматы автожолының қайта қалпына келтіруі болып табылады.

Дипломдық жұмыста Көлсай-Алматы автожолының қайта қалпына келтіру және кеңейуде геодезиялық жұмыстарды жұмыстар қарастырылды.

Жасалған жұмыстар бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады:

- автомобиль жолдарын салу кезінде, қалпына келтіру кезінде геодезиялық жұмыстар маңызды рөл атқарады, олар қала жолдарын кеңейту процесін аяқтайды және сүйемелдейді;

- автомобиль жолдарын қозғалыс жағдайлары және оларға көлік құралдарының қолжетімділігі бойынша үш класқа бөледі: автомагистраль, жылдамдық жолы, кәдімгі үлгідегі жол (жылдамдықты емес жол).

АННОТАЦИЯ

Геодезические работы по реконструкции и расширению автомобильной дороги Кольсай-Алматы связаны с вопросами геодезического обеспечения при строительстве, реконструкции и ремонте автомобильных дорог, необходимых для обеспечения безопасности и комфорта движения и комфорта пассажиров в соответствии с современными требованиями европейского уровня. ,

Объект дипломной работы - реабилитация автодороги Колсай-Алматы.

В дипломной работе рассматриваются работы геодезических работ по реконструкции и расширению автодороги Колсай-Алматы.

По выполненной работе можно сделать следующие выводы:

- геодезические работы играют важную роль в реконструкции дорог, достройке и содержании городских дорог, расширении;
- делит участки дороги на три класса по условиям движения и доступности транспортных средств: шоссе, шоссе, обычная дорога (не скоростная дорога);

ANNOTATION

Geodetic works on the reconstruction and expansion of the Kolsay-Almaty highway are related to the issues of geodetic support in the construction, reconstruction and repair of roads required to ensure the safety and comfort of movement and passenger comfort in accordance with modern European standards. ,

The object of the thesis is the rehabilitation of the Kolsay-Almaty highway.

The thesis deals with the work of geodetic works on the reconstruction and expansion of the highway Kolsay-Almaty.

The following conclusions can be made from the work performed:

- geodetic works play an important role in the reconstruction of roads, the completion and maintenance of urban roads, expansion;
- divides the road sections into three classes according to the conditions of movement and availability of vehicles: highway, highway, ordinary road (not express road);

| | | |
|------|---|----|
| 1.3 | Жер өлшеуі құрылыстарының жұмысы | 24 |
| 1.9 | Қалыңдық және аралық құрылыстардың қалыңдығы мен аралық жұмыстары | 33 |
| 1.10 | Автомобильдердің жүрісіне қажетті жолдар | 38 |
| 1.11 | Сәуірдің құрылыстарының етуге қажеттіліктері мен жұмыстары | 38 |
| 1.12 | Жол жұмыстары | 36 |
| 2 | «Бұқты-Бұк» Тұр-Қалыңдық-Сырт-Құрылыстар Жолының Құрылыстарының жұмыстары мен жұмыстарының НЫСАНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАМА | 36 |
| 2.1 | Құрылыстардың сипаты | 36 |
| 2.2 | Физика-географиялық жағдай | 37 |
| 2.3 | Жол жұмыстарының техникалық сипаттары мен жұмыстары | 38 |
| 2.4 | Топырақ және бейне профиті | 42 |
| 2.5 | Жер төсемі және жолдың төсемінің жағдайы | 43 |
| 2.6 | Жасылдық тымарлар, жол өсімдері және көпірлер | 45 |
| 2.7 | Жолдың өсімдерінің құрылыстары | 48 |
| 2.8 | Жолдың жағдайына дейінгі | 49 |
| 2.9 | Жолдың жағдайына | 49 |
| | ҚОРЫТЫНДЫ | 53 |
| | ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БІЛІМДЕР ТІЗІМІ | 54 |

МАЗМҰНЫ

| | | |
|-------|--|----|
| | КІРІСПЕ..... | 6 |
| 1 | АВТОКӨЛІК ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР..... | 7 |
| 1.1 | Автокөлік жолдары туралы жалпы мағлұмат және классификациясы..... | 7 |
| 1.2 | Ізденіс түрлері, кезеңдері және тапсырмалары..... | 9 |
| 1.2.1 | Ізденіс түрлері..... | 9 |
| 1.2.2 | Камералдық және далалық трассалау..... | 9 |
| 1.3 | Жолдың пландық негізі..... | 10 |
| 1.4 | Жолдың нүктелерін нивелирлеу..... | 11 |
| 1.5 | Жолды геодезиялық тор пункттеріне байлау..... | 12 |
| 1.6 | Түсірістік жұмыстар және өлшеу нәтижелерін камералдық өңдеу..... | 13 |
| 1.7 | Пландық-биіктіктік негізді құрастыру..... | 15 |
| 1.8 | Жер төсемі құрылымдарының жұмысы..... | 24 |
| 1.9 | Көпірлік өткелдердің құрылысы кезіндегі геодезиялық жұмыстар..... | 25 |
| 1.10 | Атқарушылық түсірістерді өндіру..... | 28 |
| 1.11 | Геодезиялық қамтамасыз етуде қолданылған геодезиялық аспаптар.... | 28 |
| 1.12 | Бөлу жұмыстары | 36 |
| 2 | «Көкпек-Кеген-Түп-Жаланаш-Сатты-Құрмет тас жолының Көлсай көліне дейінгі тас жолы» НЫСАНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ..... | 36 |
| 2.1 | Құрылыс нысанының сипаттамасы..... | 36 |
| 2.2 | Физика - географиялық жағдайы..... | 37 |
| 2.3 | Жол құрылысындағы техникалық шешулер және жобалық параметрлер..... | 38 |
| 2.4 | Планы және бойлық профилі..... | 42 |
| 2.5 | Жер төсемі және жолдың төсеніш қабаттары..... | 43 |
| 2.6 | Жасанды ғимараттар, жол өтпелері және көпірлер..... | 45 |
| 2.7 | Жолдың инженерлік құрылыстары..... | 48 |
| 2.8 | Жолдың жаңартылуға дейінгі деңгейі..... | 49 |
| 2.9 | Жолдың элементтері..... | 49 |
| | ҚОРЫТЫНДЫ..... | 53 |
| | ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... | 54 |

А Қосымша

КІРІСПЕ

Ескі автокөлік жолдарын жаңартудың мақсаты жолдарды заманауи тұрғыда қайта салу және жолдың сапасын арттыру, бұл жүк және адам тасымалында уақытты үнемдеуге және халықаралық стандарттарға сай келуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Мәсімов К.К. қатысуымен өткен жиында қабылданған протокол бойынша Көкпек-Кеген-Түп-Жаланаш-Сатты-Құрмет тас жолының Көлсай көліне дейінгі тас жолының 43-78 км аралығында, жалпы ұзындығы 34,147 км құрайтын тас жолын толыққанды қайта жөндеу жұмысы қолға алынды. Жобаның негізгі мақсаты елдегі туризмды дамытуға бағытталған, себебі осы аумақта еліміздегі ең үлкен, ал әлем бойынша екінші орындағы Шарын шатқалы және де ұлттық парк Көлсай көлдері мен Қайыңды орналасқан. Сонымен қатар елді мекен арасындағы қарым қатынас жолдарының сапасын көтеру негізделген. Бұл салынып жатырған жол халықтың еркін қозғалысы үшін маңызы зор

Дипломдық жұмыстың мақсаты Көкпек-Кеген-Түп-Жаланаш-Сатты-Құрмет тас жолының Көлсай көліне дейінгі автокөлік жолының қайта құрылысы кезіндегі орындалатын геодезиялық жұмыстарды саралау және нысанды толыққанды сипаттау болып табылады.

Алға қойған мақсатты іске асыру үшін келесі тапсырмаларды орындау керек:

- автокөлік жолдарының жобалау және құрылысын геодезиялық қамтамасыз етудің негіздерін теория жүзінде қарастыру;
- Көкпек-Кеген-Түп-Жаланаш-Сатты-Құрмет тас жолының Көлсай көліне дейінгі учаскесінің қайта құрылысын нақты мысалға ала отырып негізгі геодезиялық жұмыстарды қарастыру.

1 АВТОКӨЛІК ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ГЕОДЕЗИЯ-ЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

1.1 Автокөлік жолдары туралы жалпы мағлұмат және классификациясы

Автокөлік жолдары – құрылымдық ерекшеліктері мен міндеті түрлі инженерлік құрылыстардың кешені, автомобильдік көліктің қауіпсіз қозғалысына арналады, жылдамдық пен жүктеме есептеледі.

Автомобиль жолдарын әкімшілік және халық шаруашылығы міндеттері бойынша бөледі:

- Жалпы қолданыстағы;
- Өнеркәсіптік нысандарға апаратын жол;
- Шаруашылық іші;
- Уақытша.

Автомобиль жолдарын қозғалыстың есептік жылдамдығына байланысты 5 топқа бөледі:

- 7000 авт/тәул. көп.....I-а,I-б
- 3000-нан 7000 авт/тәул.....II
- 1000-нан 3000 авт/тәул.....III
- 100-ден 1000 авт/тәул.....IV
- 100 авт/тәул. дейін.....V

I категориялы жол – жалпы мемлекеттік маңызды магистральді автомобиль жолы.

I б мен II категориялы жол – жалпы мемлекеттік, республикалық, облыстық маңызды автомобиль жолы, II және III категориялы автомобиль жолдарымен түрлі дәрежеде қиылысуы мүмкін.

III – IV категориялы жолдар – республикалық, облыстық және жергілікті маңызды автомобиль жолдары, қозғалыстың екі жолағына ие.

V категориялы жолдар – жергілікті маңызды автомобиль жолдары, қозғалыстың 1-2 жолағы болады.

Топография-геодезиялық ізденістер нақты ауданның (алаанның) топографиялық жағдайын зерттеуді және жобалауға қажетті ірі масштабты пландар алуды қамтамасыз етеді.

Топография-геодезиялық ізденістердің құрамына келесілер кіреді:

- Топография-геодезиялық зерттеулердің бар материалдарын жинау және талдау;

- 3 және 4 класты мемлекеттік геодезиялық торларды, 2 разрядты толықтыру торларын және II, III, IV класты нивелир торларын бөлу (салу);

- Пландық-түсіріс геодезиялық торларын құру;

- Топографиялық түсіріс (қажет кезінде әуефототүсіріс) жасау және топографиялық пландарды жаңарту.

Жобаланатын нысандардың сипатына және қызметіне, жобалаудың кезеңіне, инженерлік коммуникациялардың жиілігіне, жер бетіндегі құрылыс

алаңына, пайдаланатын жерлердің аумағына, табиғи жағдай мен рельефке байланысты топография-геодезиялық ізденістерде түсірістердің масштабы мен рельефтің қима биіктігі анықталады.

Топография-геодезиялық ізденістерде жиі қолданатын пландардың масштабы 1:5000, қима биіктігі 1,0 м, 1:2000, 1:1000, 1:500 қима биіктіктері 0,5 м, кей уақыттарда қима биіктігі 0,25 м алынады.

Топографиялық план масштабы 1:10000 келесі жұмыстарға арналған:

- Қалалар мен елді-мекендерді салуда жерді жоспарлау;
- Жолдың құбырлар мен электр желілерінің трассасын таңдау;
- Орман мелиорациясының жобаларын жасау;
- Гидротехникалық құбылыстарды салуға территорияларды таңдау.

Топографиялық план масштабы 1:5000 келесі жұмыстарға арналған: ірі және орта қалалардың ірі өндірісті аудандарының, күрделі көлік торабының басты планын жасау; жерді суару және құрғату үшін жобаларды жасау; жазық және тау өзендерінде гидротүйіндерді салу және т.б.

Топографиялық план масштабы 1:2000 келесіге арналған: кіші қалаларды, қала типтес елді-мекендерді және ауылдық елді-мекендерді салу үшін басты планын және жобаларын (жұмыс жобаларын) жасау; инженерлік тораптарды вертикаль пландаудың сызбасын жасау; қалалық өндірістік аудандардың пландау жобаларын жасау және т.б.

Топографиялық план масштабы 1:1000 келесіге арналған: салынбаған территориялар мен бір қабатты құрылыс аумағының жобасын (жұмыс жобасын) және жұмыс құжаттарын жасау; аумақты жоспарлау мен көгалдандыру үшін жобаларды (жұмыс жобаларын) жасау; гидротехникалық құрылыстардың жұмыс құжаттарын жасау және т.б.

Топографиялық план 1:500 масштабты келесіге арналған: көп қабатты күрделі құбылыстардың коммуникация торлары мен өнеркәсіп өндірістерінің, көшелердің жұмыс жобаларын немесе жұмыс құжаттарын жасау; жеке гидротехникалық құрылыстардың жұмыс жобаларын немесе жұмыс құжаттарын жасау және т.б. 1:500 масштабын құрылыс масштабы деп атайды.

Ірі масштабты пландарды анық қажетті дәлдікпен және толық түрде келесілер бейнеленеді: триангуляция, трилатерация, полигонометрия пункттері, нивелир торларының реперлері; жеке құрылыстар, үйлер, ғимараттар, ауыл шаруашылық және коммуналдық нысандар; жол тораптары мен оның құрылыстары; гидрография және гидротехникалық құрылыстар (каналдар, қанаулар, бөгендер); жер бетіндегі коммуникациялар (құбырлар, электр желілері және т.б.); жер асты коммуникацияларының шығыстары; жасыл желектер; топырақ және жер бетінің микропішіні (күм, тақыр, тастар және т.б.).

Ормандарды түсіргенде ағаштардың түрі, олардың орта биіктігі, жуандығы, тығыздығы (орташа аралықтары), кесілген орманның шекаралары және т.б. Жеке тұрған ағаштарды әрқашанда түсіріп, планда оларды көрсету қажет.

Ірі масштабты пландарда су аққыштардың жылдамдығы мен шекарасын жер асты суларының шығу бөлігін, батпақтың өтерлігін, желек

жамылғыларының орындарын анықтайды. Планада карстық қуыстарды, сырғымалардың шекараларын белгілейді.

Топография-геодезиялық ізденістерде теодолит, тахеометр, нивелир, жарық кашықтық өлшеуіш аспаптары, ленталар мен рулеткалар қолданылады [6].

1.2 Ізденіс түрлері, кезеңдері және тапсырмалары

1.2.1 Ізденіс түрлері.

Автокөлік жолдарын жобалау кезіндегі ізденістер экономикалық және инженерлік болып екіге бөлінеді.

Экономикалық ізденістің мақсаты – жаңадан салынатын немесе қайта жаңартылатын автокөлік жолдарының қажеттілігін, қандай мақсатта салынатындығын түсіндіру және сол нысанның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін анықтау. Экономикалық ізденістерді жүргізу барысында жобалаланатын түзудің жекелеген учаскелеріндегі тасымал өлшемі белгіленеді және қозғалыс бағытына байланысты тасымалдың әркелкілігі және бір жыл ішіндегі тасымалдың әркелкілігі анықталады.

Инженерлік ізденістер құрамына топографогеодезиялық, инженерлік-геодезиялық және гидрологиялық және т. б. жобаланатын жолдың сол жерде неғұрлым тиімді орналасуын таңдауға қажетті жұмыстар кіреді, олар автокөлік жолының барлық нысандарын жобалау үшін мәліметтерді жинауға және әртүрлі келісімдерге (қолданыстағы жолмен қиылысу, жер бөліп беру, басқа көлік түрлерімен қиылысулар) қажет.

Инженерлік ізденістерде аэроәдістер кеңінен қолданылады: аэробақылау және аэрогеологиялық зерттеу, аэросуреттер, аэрогидрометрия. Өткен ғасырдың соңынан бастап далалық ізденіс жұмыстарында ғарыштық навигациялық жүйелерді қолдана бастады.

1.2.2 Камералдық және далалық трассалау.

Едәуір жоғары экономикалық әсер беретін және қойылған талаптарға сәйкес келетін жол салудың тиімді әдісін таңдауға әкелетін жұмыстар жиынтығын трассалау деп атайды.

Қолда бар немесе ізденіс кезінде қайта құрастырылған топографиялық карталар мен пландарға байланысты трассалауды камералдық трассалау деп атайды [1].

Сызықтық нысандарды камералдық трассалау жолдың негізгі бағытын және жолдың түрлерін таңдау мақсатында жүргізілетін технико-экономикалық және техникалық ізденістердің нәтижесімен жүргізіледі. Алайда күрделі бедерлі жерлерде ірі масштабты пландарға және далалық ізденіс процесіне жүгініп трассалау жүргізеді. Жердің жағдайына байланысты камералдық трассалауды мүмкіндік әдісімен немесе белгіленген еңкіштікте түзу құрастыру әдісімен орындайды.

Мүмкіндіктер әдісін түзу жерде еркін жүрісті учаскелерде қолданады. Таңдалынған нүктелердің арасынан картада қысқа жол салады және соған байланысты жобалық түзу бойымен жердің бойлық профилін құрастырады.

Бойлық профильді талдау негізінде жердің биіктігі жобалық биіктікке жақын болуы үшін трассаны оңға немесе солға жылжыту қажет учаскелерді анықтайды. Осы учаскелерді қайтадан трассалайды және жолдың жақсартылған жобасын құрастырады.

Камералдық трассалау картографиялық мәліметтер бойынша трассаның жерде орналасуын таңдау үшін қолданылады, осының негізінде жобаланатын жолдың негізгі мінездемелері анықталады.

Камералдық трассалауды екі кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – ұсақ масштабты карталарды пайдалана отырып (1:1000000 – 1:200000) трассаның бірнеше бәсекелес түрлерін қарастыру. Ұзындықтарын салыстыру негізгі мінездемелерінің бірі – түзудің даму коэффициентін береді.

Камералды трассалаудың екінші кезеңі – белгіленген түзу түрлерін орта және ірі масштабты карта беттеріне түсіру.

Камералдық трассалаудың нәтижелерінің негізінде алынған мәліметтерге байланысты тиімді немесе бәсекелес жолдарды бағалайды, солар арқылы кейін жерде трассалау жұмыстары орындалады.

Далалық трассалау – техникалық ізденістер мен жолды жобалау мен жерге түсіру жұмыстарының жиынтық әдістерінен тұрады.

1.3 Жолдың пландық негізі

Жолдың бекітілген бұрылу бұрыштарының төбелерінің арасында нивелирлік-теодолиттік жүріс салынады, теодолиттік және нивелирлік жүрістер жүргізіледі.

Горизонтальды бұрыштарды триангуляциялық пункттердегі бұрыштық өлшеудің орташа квадраттық қателігі $m_{\beta} = 0,5''$ және полигонометриялық пункттерде - $m_{\beta} = 0,7''$ болатын жоғары дәлдікті Т – 05 түрлі теодолитпен өлшейді.

Түзулердің ұзындығын 1: 1000 – 1 : 3000 қатынасты орташа квадраттық қателікті дәлдікпен өлшейді; бұған қоса оптикалық қашықтық өлшеуіштер мен 20 немесе 50 метрлік темір ленталарды қолданады. Ұзын сызықтарды алдын ала бөліп қояды; белгілер әрбір 100 – 200 м сайын қойылады; ұзын сызықтарды қашықтық өлшеуіштермен бөлшектерге бөліп өлшейді. Еңкіштігі 2° - тан асатын жолдың учаскелерінде ұзындық өлшеуде еңкіштікке байланысты түзету енгізіледі. Ұзындықты өлшеу кезінде бұрылу бұрыштарының арасындағы өлшенген қашықтық пен пикеттерге бөлу кезінде алынған қашықтық салыстыра отырып бақылау жүргізеді.

Аталып өткен жұмыс элементтерінен басқа далалық трассалауда пикеттерге бөлу, қисықтың негізгі нүктелерін бөлу, поперечниктерді бөлу жұмыстары

жүргізіледі; жол нүктелерін нивелирлеу, жолақты түсіру, жолды геодезиялық негіз пункттеріне байлау [].

1.4 Жолдың нүктелерін нивелирлеу

Жолдың көлденең және бойлық қималарын құрастыру үшін және жолдың бойында орнатылатын көпжылдық және уақытша реперлердің биіктіктерін анықтау үшін техникалық нивелирлеу жүргізеді. Жолдың пикетті нүктелерінде және реперлерінде нивелирлеу жұмыстарын екі нивелирмен жүргізген дұрыс: біреуімен жолдың биіктіктік негізін құрастырады, сол себепті биіктіктерді тек байланыстырушы нүктелерге, көпжылдық және уақытша реперлерге береді; екінші нивелирмен жолдың және қималардың аралық нүктелерінің биіктіктерін анықтайды. Егерде нивелирлеу кезінде екі нивелирмен бірдей жұмыс істесе, екі жүрістердегі байланыстырушы нүктелер ортақ болуы керек. Бұл станциялардағы және жүрістегі биіктік өсімшелерін сенімді түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Жүріс бойынша нивелирлеуді негізінен «ортадан» әдісі, екі жаққа қашықтықты көзбен теңестіру, арқылы жүргізеді. Байланыстырушы нүктелерге дейінгі қашықтықты негізінен теңдей 100 – 200 м қабылдайды; Қиылысқан ортада және көру нашарлаған жағдайда (аязды күндері) бұл қашықтық қысқарады. Нивелирлеу кезіндегі аралық нүктелерге дейінгі қашықтық теңдігі қарастырылмайтындықтан, ал байланыстырушы нүктелерге дейінгі қашықтық тек көзбен теңестірілгендіктен нивелирдің негізгі шартына мән беру керек екендігін міндетті түрде ескеру қажет: цилиндрлік деңгейдің өсі мен құралдың визирлік өсінің арасындағы бұрыш $i20''$ аспауы керек.

Егер де жолдың бойын нивелирлеу кезінде бір ғана нивелирмен жұмыс істесе, байланыстырушы нүктелер мен барлық пикеттік нүктелердің арасындағы өсімше рейканың қара және қызыл жақтарымен анықталуы керек, ал егер бір беттік рейкамен жұмыс істеген жағдайда – құралдың екі горизонтымен.

Еі үлен өзендер арқылы биіктіктерді өткізу кезінде арнайы бағдарлама арқылы бақылау жүргізеді немесе судың деңгейін пайдалана отырып, қарама қарсы жағалардағы су бетінің биіктіктері бірдей деген оймен, биіктіктерді өткізеді.

Жолдың бойын нивелирлеу жұмыстарында, көру дүрбісі 20-25^x есе үлкейтіп көрсететін және деңгейдің бөлімі 25" тең боатындай, техникалық нивелирлерді қолданады; Көру сызығыны өздігінен орнатылатын нивелирлер болса, сол нивелирлермен жұмыс істеу абзалырақ. Шашкалы, үш метрлік, екі жақты; қиылысқан ортада жиналатын төрт метрлік рейкалар қолданылады.

Нивелирлеуде далалық бақылауды станцияларда және жүріс кезінде биіктігі белгілі реперлермен жүргізеді. Екі нивелирмен өлшеу кезінде немесе рейканың екі жағынан өлшеу кезінде станциядан алынған бақылаулардың өзара ауытқуы 7-10 мм аспауы керек.

Биіктіктері белгілі реперлермен байланыспаушылық $f_h = 50\sqrt{L}$, мм мәнінен аспау керек, ал бірінші және екінші нивелирлермен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінен алынған өсімшелердің жалпы ауытқуы $f_h = 70\sqrt{L}$, мм аспауы керек, L – жүрістің ұзындығы километрмен [4].

1.5 Жолды геодезиялық тор пункттеріне байлау

Нивелирлік жүрістер жолдың пландық негізі – теодолиттік магистраль секілді мемлекеттік нивелирлік торлардың реперлеріне және пландық геодезиялық негіздің пункттеріне байланылуы керек. Торларға байлау жолдың нүктелерінің координаттары мен биіктіктерін жалпымемлекеттік жүйеде алуға мүмкіндік береді, нивелирлік және теодолиттік жүрістерде қателіктердің жиналуын азайтуға және бақылау жүргізуге мүмкіндік береді, байланыспаушылық көлеміне байланысты жүргізілген өлшеулердің сапасын саралауға мүмкіндік береді.

Экономикалық жағынан түсіну бойынша торға байлау жиілігі жолдың реперлерден немесе пландық пункттен қашықтығына байланысты. Жолдың қашықтығы мемлекеттік немесе тізімдегі тірек пункттерінен 3 км аспаған жағдайда әрбір 25 км сайын торға байлап отыру керек; егер байлау пункті 3 - 10 км қашықтықта орналасса, торға байлау әрбір 50 км сайын рұқсат етіледі.

Өте қолайсыз пландық негіз жағдайында жолдың нүктелерінің бойлық жылжуын азайту үшін әрбір 15 - 20 км сайын Күн немесе жұлдыздар бойынша шынайы азимутты шамалап анықтау керек.

Бұл анықтамалар магистральдық жүрісте өлшеген теодолиттермен орындалады, қосымша призмалық қондырғыны көру дүрбісіне орнату арқылы, қара жарықфильтр, қол сағат, түнде қалталы фонарик қажет болады.

Бақылауларды таңертеңгі немесе кешкі, жұлдыздар бірінші тіктікке жақын орналасқан кезде, ал азимутты анықтауда сағаттың дәлдігінің түзетпесі ең аз мәнде болатын, уақытта жүргізеді. Магистральдық жүрісте бұрыштық өлшеулердің дұрыстығын бақылау сенімді болуы үшін азимутты 1'-2' дәлдікпен анықтау қажет, бұл Күнді 3 – 4 әдіспен бақылаумен орындалады [8].

1.6 Түсірістік жұмыстар және өлшеу нәтижелерін камералдық өңдеу.

Жолдың бойында әртүрлі көптеген ғимараттар – жол айырықтар, жол өткелдері, аялдамалар, жер асты өткелдері, жанар – жағар май бекеттері, жасанды ғимараттар (көпірлер, құбырлар), су бұрғыш құрылымдар, елді мекендер және т. б.. Бұл нысандарды жобалау үшін қажетті учаскелердің ірі масштабты пландары керек. Бұндай учаскелерде әдетте тахеометрлік әдіспен жолдың нүктелеріне бекітіп 1: 5000 -1: 500 масштабтарда (түсірілетін алаңның аумағына байланысты) жүргізіледі.

Жолдың өсі бойымен ұзына бойы орналасқан шағын аудандар үшін түсіріс пикеттердегі және қосымша нүктелердегі қималардың қажетті енде бөлу арқылы жүргізіледі; тегіс жерлерде нүктелердің биіктігін геометриялық нивелирлеу арқылы, ал қиылысқан жерлерде тригонометриялық нивелирлеу арқылы анықтайды. Егер де түсіріс алаңы үлкен болса, мысалы, ұсақ жасанды ғимараттардың су жинау алаңы дегендей, онда алдын - ала бір немесе бірнеше нивелирлік – теодолиттік полигондар түріндегі пландық - биіктіктік негіз құрылады; жүрістерді нүктелерге және жолдың реперлеріне байлайды. Тахеометрлік түсіріс жүргізіледі, егер жазық жер болса – шаршылар торы. Таулы жағдайларда, жағалық құздарда стереофотограмметриялық түсіріс жүргізіледі [4].

Далалық трассалаудың соңғы кезеңі – алынған нәтижелерді жобалау және сапасын бағалау үшін бастапқы мәліметтерді алуды қамтамасыз ететін жиналған мәліметтерді камералдық өңдеу.

Өңдеудің бастапқы бөлімінде барлық далалық журналдарды тексеру, тірек пункттері, өлшенген түзулердің мәні, бұрыштары, өсімшелері, нақты және шектік байланыспаушылығы көрсетілген жүріс сұлбаларын құрастыру; жүріс жақтарының шынайы азимуттарын есептеу (егер де осындай жағдай байқалса) жұмыстары жүргізіледі.

Өңдеудің соңғы кезеңінде нивелирлік және теодолиттік жүрістерді теңестіру, реперлердің, пикеттердің және қосымша нүктелердің нақты биіктіктерін анықтау, жолдың бұрылу бұрыштарының координаттарын есептеу жұмыстары жүргізіледі.

Жолдың бойымен жүргізілген нивелирлік жүрістерді теңестіру едәуір жеңіл, себебі ол бір ғана жүріс ретінде келеді. Теодолиттік магистральдық жүрістерді теңестіруді бөлек әдістермен жүргізеді, яғни, алдымен бұрыштық байланыспаушылықты әрбір бұрышқа теңдей етіп таратады, содан кейін дирекциондық бұрыштар мен өсімшелерді есептегеннен кейін, байланыспаушылықты өсімшелерге түзулердің ұзындықтарына пропорционал таратылады.

Егер де теодолиттік жүріс мемлекеттік пландық тордың пункттеріне байланған болса, онда координаталарды есептеу Гаусс-Крюгер проекциялық жазықтығында үш немесе алты бұрыштық зоналар жүйесінде есептелінеді; егер де жүріс тізімдік пункттерге тірелсе бұрылу бұрыштарының координаттарын жергілікті координаталар жүйесінің жазықтығында алады.

Үлкен ұзындықтағы жолдардың координаталарын есептеу кезінде, бірнеше координаталық зоналарды кесіп өткен жағдайда жолдың байланатын пункттерін бір координаттық жүйеге қайта есептеп ауыстыруды ұмытпау керек, яғни нақты бір зонаның жүйесіне ауыстыру қажет; бұл жағдайды ескермесе шектен асқан байланыспаушылықтар болуы мүмкін.

Түсіріс алаңдарына жеке ғимараттарды немесе ғимараттар жүйесін жобалау үшін топографиялық план құрастырады.

Пикетаждық және нивелирлік журналдардың мәліметтеріне байланысты жолдың бойлық және көлденең қималарын құрастырады, кейін осы қималар

бойынша жер қабатын, су бұрғыштарды және жолдың басқа да элементтерін жобалайды.

Барлық жиналған мәліметтер камералдық түзетуден және кей кездері далалық тексеруден өтіп тұрады [9].

Жобалық (қызыл) профильдық түзуді құрастыру жол өсінің жер бетіндегі нақты (қара) профильдік түзуінде жүргізіледі және жанында шарттармен шектеледі. Негізгі шарттардың орындалуы: берілген ғимарат үшін шектік еңкіштіктің қадағалануы; жер жұмыстарының балансы, яғни үйінділер мен кесулердің көлемінің тең болуы; жобалық түзуде жобалық пункттердің, көпірлік өткелдердің, бір немесе әртүрлі деңгейлердегі бар ғимараттармен қиылыстардың биіктіктерінің болуы.

Жобалық профильдік түзудің әрбір түзусызықтық учаскесі үшін жобалық еңкіштік беріледі немесе ол бар жағдайда мына формула бойынша есептелінеді:

$$i = \frac{H_k - H_n}{d} \quad (1)$$

бұл жерде H_c және H_σ – түзусызықты профильдік учаскенің соңғы және бастапқы жақтарының биіктіктері;

d – осы учаскенің горизонтальды ұзындығы.

Жобалық еңкіштіктің мәніне байланысты жобалық профильдің барлық жобалық (қызыл) биіктіктері мына формула бойынша есептелінеді:

$$H_n^{np} = H_{n+1}^{np} + id_{n-(n+1)} \quad (2)$$

$$H_{n+1}^{np} = H_n^{np} - id_{n-(n+1)} \quad (3)$$

бұл жерде,

- келесі бөліктердің жобалық биіктері;

- бастапқы бөліктің жобалық биіктігі;

- бастапқы және келесі бөліктердің нүктелерінің арасындағы горизонтальды ара қашықтығы.


Нақты (қара) профильдің жобалық (қызыл) профильден ауытқуы жолды топырақты кесу немесе үю арқылы жобалық қалыпқа келтіру керек екендігін көрсетеді, ал қызыл және қара биіктіктердің әртүрлілігі жұмыстық биіктік болып табылады.

Қызыл және қара профильдердің қиылысу нүктелері жолдың планировкасын жасау кезінде үю жұмысынан кесу жұмысына ауысатын өткел болып табылады және нөлдік жұмыс нүктелері деп аталады. Бұл нүктелердің профильде орналасуы профильдің жақын нүктелерінің жұмыстық биіктіктерінің пропорционалды қатынасымен мына формула арқылы анықталыды анықталады

$$d_a = \frac{x}{x+y} d; \quad (4)$$

$$d_b = \frac{y}{x+y} d. \quad (5)$$

Нөлдік жұмыс нүктелерінің биіктіктері қызыл профильдің нүктелері секілді анықталады. Профильде жобалық және жұмыстық биіктіктер қызыл түспен, ал нөлдік жұмыс биіктіктері көк түспен көрсетіледі (1-сурет).



1 Сурет - Профиль бетінде нөлдік жұмыс нүктелерін анықтау


Еңкіштіктердің ауысу нүктелері тік қисықтармен жұмырланады.

Бұл элементтерді анықтау формулалары пландағы қисықтарды анықтау формуласымен бірдей [5].

1.7 Пландық-биіктіктік негізді құрастыру.

Соңғы уақытта GPS-қабылдағыштар мен электрондық тахеометрлерді біріктіріп қолдану кең тарап келеді. Координаталары белгілі бірнеше пункттерде (тірек нүктелерінде) синхронды GPS-бақылау жүргізіледі және анықталатын пункттерде де жүргізіледі, бұл пункттер жер телімінің шекарасының бұрылу нүктелерімен сәйкес келуі де сәйкес келмеуі де мүмкін. Соңғы мысалда пункттер байланыстырушы міндетті атқарады, яғни жер телімінің шекарасының электронды тахеометрлердің көмегімен алынған координаталарының өлшемдерінің таңдалған координаталар жүйесімен байланысын қамтамасыз етеді. Тахеометрлік өлшеулер полярлық әдіспен түсірістік станциядан орындалады, станцияның координаталары өз кезегінде еркін станция әдісімен анықталады.

Пландық-биіктіктік негіздің схемасы 2-суретте көрсетілген, GPS-өлшеулерді қолдана отырып, СВ1, СВ2 және СВ3 байланыстырушы нүктелердің координаталары және СТ4 түсірістік станцияның координаталары анықталады. СВ1 және СВ2 нүктелері жер телімі шекарасының бұрылу нүктелерімен сәйкес келеді. Бұл бізге нені береді (2-сурет)?




2 Сурет - Пландық-биіктіктік негіздің схемасы

Бұл нүктелерде жоғарыда айтылып кеткендей GPS-өлшеулерді жүргізудің шарттары орындалуы керек. Ары қарай электронды тахеометрдің көмегімен еркін станция әдісімен СТ1, СТ2 және СТ3 түсірістік станциялардың координаталары анықталады. Енді полярлық әдісті, сызықтықтық-бұрыштық байланысты және олардың комбинацияларын қолдана отырып жер телімінің шекарасының барлық бұрылу нүктелерінің координаталары табылады (тахеометрлік өлшеу). Түсірістік станциялардың арасында координаттарды жіберу үшін байланыстырушы нүктелерді қолданады (СТ1 станциясы СВ1 және СВ2 арқылы байланады, СТ2 – СВ3 арқылы, ал СТ3 – СТ4 арқылы). Координаталарды анықтау жұмысын тексеру үшін қосымша өлшеулер орындалады.

Сол тапсырманы орындаудың басқа да біріктіріп өлшеу әдістері белгілі. 3-суретте көрсетілгендей пландық-биіктіктік негіздің схемасы үшін әрбір түсіріс станциясының координаталары GPS әдісімен анықталады, ал байланыстырушылар ретінде жер телімінің шекарасының бұрылу нүктелері қолданылады. Бұрылу нүктелерінің орны сызықтық байланыс арқылы анықталады.

GPS-өлшеулер көп жағдайда статикалық әдіспен орындалады, бірақ кей кездерде кинематикалық әдістерді де қолданса болады. Бұл координаталарды анықтаудың дәлдігінің талаптарына, уақытқа, қабылдағыштың түріне, көліктің бар жоқтығына және анықталатын нүктелердің арасындағы орын ауыстыруға және т.б. жағдайларға байланысты (3 Сурет).



3 Сурет- Пландық биіктіктің кинематикалық схемасы

Автокөлік жолының қайта құрылысы учаскесінде тірек жүйелері GPS-System Leica GS10, GS152 қабылдағышы бар GPS-анықтау жүйесімен дамыған. Бір уақытта магистральды тахеометрлік жүріс салынған (4-сурет).



4 Сурет - LEICA GS08plus GPS қабылдағышы

Өлшеулер IV классты полигометрия дәлдігімен жүргізілген, 2-кесте бойынша, ал биіктіктік қатынасы IV классты геометриялық нивелирлеу дәлдігімен жүргізілген.

IV классты нивелирлеу мынадай дәлдікте орындалады, орташа квадраттық қателікпен есептелінеді $\eta_{км}$, теңестірілген биіктік өсімшесі $[h_{ср}]_{км}$ 1 км жүрісте 6 мм-ден көп емес, ал станциялардағы өсімше 3 мм-ден көп емес.

Нивелирлеу келесідей талаптарға сай жүргізілді. Көру дүрбісінің сәулесінің ұзындығы 100 м, ал көру дүрбісін 30^x ұлғайту кезінде ұзындықты 150 м-ге дейін үлкейтсе болады. Нивелирден рейкаларға дейінгі ара қашықтық станцияларда рейкалар арасында өзара 5 м, ал секция бойынша жиынтығы 10 м-ден аспауы қажет. Көру сәулесінің биіктігі жер бетінен кем дегенде 0,2 м болуы керек.

Әр станцияда рейканың қара және қызыл шкалаларын бақылаудан өсімшені $h_к$ және $h_{қыз}$, қашықтық $d = h_{қыз} - h_к$ 5 мм-ден аспауы керек.

Жүрістегі өсімшелердің қиылыспаушылығы f_x өздерінен жоғары классты нивелирлік реперлермен $20\sqrt{L}$ мм аспауы қажет, бұл жерде L – жүрістегі немесе полигондағы километр саны.

Бұрыштарды, горизонтальды орналасуды, өсімшелерді өлшеу Leica TC-06 электронды тахеометрімен жүргізілді. Геометриялық нивелирлеу Leica NA-730 нивелир жинақтамасымен жүргізілді, Техникалық мінездемелері 2 кестеде келтірілген.

Бұрыштық өлшеулер жеке бұрыш және айналма әдісі бойынша екі және одан да көп әдістердің сәйкес келуі 6" болатындай шартта толық әдістермен жүргізілді.

Бірінші әдістің басында бастапқы (артқы) бағытты нөлге теңестіру жүргізілді. Өлшеулер шеңбердің екі түрінде коллимациялық қателікті бақылаумен $2с < 6"$ жүргізілді – сол шеңбер және оң шеңбер. Коллимациялық қателікті дұрыстау «Calibration» режимінде 6"-тан асқанда жүргізілді. Екінші әдіс лимбтің кез келген $3 - 10^\circ$ диапазонында жүргізіледі. Өлшеулер сәйкесінше құрылғының жадына және бекітілген формадағы далалық геодезиялық журналға жазылды. Бұрыштар мен бағыттардың сәйкес келмеуі байқалған 6"-тан асқан кезде әдістер саны көбейтілді немесе өлшеулер неғұрлым қолайлы болатын уақытқа (таңғы немесе кешкі) ауыстырылды. Нивелирдің техникалық мінездемелері 5 кестеде келтірілген (5-сурет).

1 Кесте - Leica NA-73 мінездемесі.

| Көрсеткіштер | Өлшемі |
|------------------------------|------------------|
| 1 км екі жүрістің ОКҚ | 1,2 мм |
| Көру дүрбісінің үлкейтуі | 30^x |
| Сурет | тура |
| Көрудің ең аз ара қашықтығы | 0,5 м |
| Горизонтальды лимбтың бөлімі | 1° |
| Компенсатор | аспалы, магнитті |

| | |
|--------------------------------------|-------------------------------|
| | демпфермен |
| Компенсатордың жұмыс істеу диапазоны | $\pm 15'$ |
| Су өткізбеу қасиеті | IP57 (жоғары ылғалдан қорғау) |
| Салмағы | 1,7 кг |



5 Сурет - Leica NA-73 нивелирінің сыртқы көрінісі

Көру мақсатындағы электронды тахеометрлер мен қадалар тірек және бақылау станцияларында центрлеу және редуциялау қателігі 0,001 м-ден аспайтындай орнатылады. Бұрыштық өлшеулерді бақылау «RGS-Demo» бағдарламасы аясында аналитикалық анализдеу әдісі арқылы жүргізілді. Әр түрлі дирекциондық бұрыштармен өлшенген бұрыштардың жиынтығының нәтижесінің сәйкестігі (жүріс бағыты бойынша сол және оң). Нәтижелер роверлерден GPS-анықтау арқылы мына формуламен алынды:

$$f_{\beta} = \alpha_N - \alpha_K + \sum_{i=1}^n \beta_i - 180^{\circ} n, \quad (6)$$

α_N, α_K - дирекциондық бұрыштар (сәйкесінше бастапқы және соңғы), GPS-анықтаудан Ski-Pro бағдарламасы арқылы есептелініп алынған базалық векторлар мына формуламен есептелінеді:

$$\alpha_N = A_N + (L_N - L_0) \sin B_N, \quad \alpha_K = A_K + (L_K - L_0) \sin B_K \quad (7)$$

бұл жерде, f_{β} – магистральді жүрістің бұрыштық қиылыспаушылығы (қате), бастапқы және соңғы дирекциондық бұрыштармен шектеледі;

– A_N, A_K - жүріс фрагментінің сәйкесінше бастапқы және соңғы жақтарының геодезиялық азимуттары;

– B_N, B_K - магистральды жүріс фрагментінің сәйкесінше бастапқы және соңғы жақтарының геодезиялық ендіктері;

– L_N, L_K - магистральды жүріс фрагментінің сәйкесінше бастапқы және соңғы жақтарының геодезиялық бойлықтары.

Бұрыштық өлшеулер мынадай орташа квадраттық қателіктер бойынша жүргізілді: горизонтальды шеңбер - 3", вертикальды шеңбер - 3".

Горизонтальды орналасуды анықтауда сызықтық өлшеулер бақылау станцияларында қатаң бақылау жүргізу әдісі арқылы жүргізілген. Бұл әдіс мынадай:

- өлшеулер шеңбердің тура және кері бағыттағы 2 жағдайында, 2 мм+2ppm дәлдікте орындалды;

- өлшеулерге температура, қысым, Жердің қисықтығы әсерінен міндетті түрде түзетулер енгізілді.

Бірыңғай координаталар жүйесін орнату үшін барлық учаскеге бірыңғай дәлдігі 4-класстан төмен емес полигонометриялық әдіспен магистральды жүріс салынды. Әрбір учаскеде GPS-жүйенің көмегімен бақылау нүктелері орнатылды.

Салынған 4-классты полигонометриялық жүрістің дәлдігін мына формулалар арқылы бағалады

- бұрыштық ($10'' \sqrt{n}$ көп емес):

$$f_{\beta} = \sum_{i=1}^n \beta_i - \alpha_{\text{б}} + \alpha_{\text{к}} - (n+1) \cdot 180^{\circ}, \quad (8)$$

бұл жерде, $\sum \beta_i$ – өлшенген сол жақ бұрыштардың жиынтығы, градусы;

$\alpha_{\text{к}}$ – бастапқы соңғы дирекциондық бұрыш, градусы;

$\alpha_{\text{б}}$ – бастапқы басындағы дирекциондық бұрыш, градусы;

n – өлшенген бұрыштар саны;

- X өсі бойынша:

$$f_X = \sum_{i=1}^n \Delta x_i - x_{\text{к}} + x_{\text{б}}, \quad (9)$$

бұл жерде, $\sum \Delta x_i$ – X өсі бойынша нүктелер арасындағы есептелінген өсімшелердің жиынтығы, м;

$x_{\text{к}}$ – соңғы координата, м;

$x_{\text{б}}$ – бастапқы координата, м;

- Y өсі бойынша:

$$f_Y = \sum_{i=1}^n \Delta y_i - y_{\text{к}} + y_{\text{б}}, \quad (10)$$

бұл жерде, $\sum \Delta y_i$ – Y өсі бойынша нүктелер арасындағы есептелінген өсімшелердің жиынтығы, м;

$y_{\text{к}}$ – соңғы координата, м;

$y_{\text{б}}$ – бастапқы координата, м;

- көлденең - бойлық қателік:

$$f_s = \pm \sqrt{f_x^2 + f_y^2}, \quad (11)$$

бұл жерде, f_x – X өсі бойынша өсімшелерге түзетпе, м;
 f_y – Y өсі бойынша өсімшелерге түзетпе, м;
 - жүрістің қатыстық қателігі (1 : 25000 көп емес):

$$f_{i\alpha} = \frac{f_s}{\sum s}; \quad (12)$$

- геодезиялық негіздің жүрісінің орташа квадраттық қателігі (бірдей сызықтық және бұрыштық өлшеулер үшін):

$$m_{f_y}^2 = m_s^2 \sum_{i=1}^n \sin^2 \alpha_i + \frac{m_\beta^2}{\rho^2} \sum_{i=1}^n (x_k - x_{i-1})^2, \quad (13)$$

бұл жерде, m_β – горизонтальды бұрыштардың орташа квадраттық қателігі;
 m_s – электронды тахеометрмен өлшенген қашықтықтың орташа квадраттық қателігі;

ρ – радианның секундтық мәні (206 265").

Биіктіктің негізді ары қарай дамыту Leica NA-730 нивелирі көмегімен геометриялық нивелирлеу арқылы жүргізілді.

Магистральды жүріс пен түсірістің байланыстырушы нүктелерін нивелирлеу жұмыстары жүргізілді. GPS- анықтау арқылы алынған реперлердің биіктіктерімен тексеріліп отырды.

Өсімшелерді тригонометриялық нивелирлеу арқылы анықтау үшін жүргізілген сызықтық-бұрыштық өлшеулер бір бағдарламада бұрыштар мен сызықтарды өлшеу арқылы орындалды. Өсімшелерді анықтау шеңбердің екі түрде орналасуында тура және кері бағытта горизонтальды және вертикальды бұрыштарды бірнеше мәрте (әр шеңберде кем дегенде 5 – 6 рет) өлшеу арқылы орындалды. Осылайша әрбір нүктелер арасындағы қашықтықта микрополигонды бақылауда өлшеулерді тұйықтау жүргізілді.

Полигонға тұйықтау бақылауы нәтижелері бойынша әрбір қашықтықта өңдеуге 20 - 24 өсімше көрсеткіштері алынды. Тура және кері бағыттан орташа көрсеткіш есептелініп алынды. Тура және кері бағыттағы өлшеулер «ортадан» әдісі арқылы станциядан нивелирлеу нәтижелерімен толықтырылды. Электрондық-геодезиялық нивелирлеумен биіктікті есептеудің дәлдігі мына формулалармен жүргізілді:

$$m_h^2 = \left(\frac{h}{D}\right)^2 \cdot m_D + \left[\left(\frac{D}{\rho}\right) \cdot \cos \nu\right]^2 \cdot m_v^2 + m_i^2 + m_p^2 \quad (14)$$

бұл жерде, h – өсімше, м;
 D – жағының ұзындығы, м;

$\cos v$ – еңкіштік бұрышы, градус;

m_v – бұрыштық өлшеудің орташа квадраттық қателігі, с;

m_i – құралды центрлеу қателігі, м;

m_D – ұзындықты өлшеудегі қателік, м;

m_p – көру нысанының редукциясы (рефлектордың оптикалық рефлекторының бақылау нүктесінен ауытқуы), м.

Қашықтықты өлшеуде ауа температурасы мен қысымның әсерінен түзетулер енгізілді. Сондықтан электронды-геодезиялық нивелирлеуде полигонға тұйықтау кезінде дәлдікті бағалауда шектік қиылыспаушылытар мына формуламен бағаланды:

$$f_{h_{доп}} = \pm 20 \text{ мм} \sqrt{L}, \quad (15)$$

бұл жерде, L – жүріс ұзындығы, км.

1.8 Жер төсемі құрылымдарының жұмысы.

Бөлінген алапты орманнан, ағаш түптерінен, бұталардан және өсімдік қабатынан тазартқаннан кейін пикеттерде және қосымша нүктелерде түзу учаскелерде кем дегенде 50 м сайын және қисықтарда әрбір 10 немесе 20 м сайын жер қабатын бөлу жұмыстарын жүргізеді. Алқапта үйінділердің, шұңқырлардың, қоймалардың және су бұру ғимараттарының шекарасын бекітіп оларды қазықтармен немесе т.б. белгілермен белгілеп қояды. Биік емес үйінділердің өсі мен шеттерін қадалармен бекітіп қояды, ол қадаларға геометриялық нивелирлеу арқылы жобалық биіктігін береді.

Жер төсемінің құрылысы кезінде жолдың өсінің орналасуы, жұмыстық биіктіктер, төсем бетінің ені, беткейдің ылдидылығы, жыралар мен арықтардың өлшемдері мерзімді тексеріліп отырады.

Ереже бойынша, үйінді қабаттап көтеріледі. Бір қабаттың қалыңдығы 30 см-ден аспауы керек. Әр қабатқа орналасу шекарасын бөледі. Бөлу жолдың өсінен екі жағынан 50 м жерге орындалады. Бөлудің шекарасы бойынша келесі қабатты төсеу жүргізіледі. Жұмыс осы түрде үйіндінің биіктігі жобалық биіктікке жеткенге дейін жүргізіледі. Соңғы тегістеуші қабат әрбір 20 м сайын темір қазықтармен бөлінеді және қазықтарда нүктенің жобалық биіктігі көрсетіледі. Соңғы қабатты тегістеумен қатар белгілі учаскеде қайта қалпына келтіріп бөлу жұмысы, жолдың өсін әрбір 20 м сайын бекіту орындалады. Геометриялық нивелирлеумен олардың биіктіктерін анықтайды және қажет болатын кесу мен көтеру шамаларын есептейді (6-сурет).



6 Сурет- Трассаны геометриялық нивелирлеу

Беткейді тегістеу үшін жер төсеуі қабатының негізгі табанының беткейінің жобалық орналасуы қазықтармен көрсетіледі. Содан кейін дайын жер төсемін соңғы рет нивелирлейді. Пикеттер мен қосымшаларда көлденең қималардың түсірісін жүргізеді, өстің биіктігін, екі шеті мен арық түбінің биіктігі анықталады[7].

1.9 Көпірлік өткелдердің құрылысы кезіндегі геодезиялық жұмыстар

Көпірлер күрделі инженерлік құрылым болып келеді, жолдардың қиылысында, су ағыстарында және көпірсіз өте алмайтын жерлерде салынады. Әртүрлі қолданысына, құрылыс технологиясына, қолданыс мінезіне және құрылымындағы ерекшеліктеріне, тіпті әртүрлі атауларына қарамастан, олардың барлығының мақсаты бір – транспорттық. Орналасатын жері анықталғаннан кейін, әртүрлі мемлекеттік инстанциялармен келісе отырып (архитектуралық, экологиялық және т.б.), негізгі геодезиялық жұмыстар басталады.

Көпірлердің құрылысын қамтамасыз ететін негізгі геодезиялық жұмыстарға мыналар жатады:

- жерді және су ағысы түбінің бедерін түсіру;
- пландық және биіктіктік геодезиялық бөлу торларын құру;
- көпірдің тіректері мен арналық көпірдің тіреулерінің центрі мен өстерін жер бетіне шығару;
- тіреуді егжей-тегжейлі бөлу;
- тіреулерді көтеру кезінде бақылау жүргізу және оларды салу процесі кезінде атқарушы түсіріс жүргізу;
- регуляциялық және жағалық бекіту құрылымдарын бөлу;
- көпірге жақындау жолын бөлу
- аралық құрылымдарды монтаждау кезінде бөлу жұмыстарын және атқарушы түсірістерді жүргізу;
- көпірді сынау кезінде аралық құрылымдардың деформацияларын өлшеу;

- құрылыс кезінде және көпірді қолданысқа бергеннен кейін аралық құрылымдардың деформациясын және тіреулердің отыруы мен қисаюын бақылау.

Құрылыста геодезиялық қызмет көпір тұрғызудың барлық кезеңінде, дайындау жұмыстарынан бастап қолданысқа берілгенге дейін, қажет. Қолданыстағы геодезиялық құралдар, өлшеу ленталары, рулеткалар жұмыс істеу қалпында болуы керек және жүйелі түрде тексеруден өтіп тұруы қажет.

Көпірлік өткелдердің құрылысы кезіндегі геодезиялық қамтамасыз етуде нивелирлер мен электронды тахеометрлер кеңінен қолданылды (7,8-сурет).



7 Сурет- Нивелир NA-730



8 Сурет-Тахеометр TS-06

Көпірлік өткелдің суреті төменде көрсетілген (9-сурет)



9 Сурет-Көпірлік өткел

Тордың жобасының дәлдігін бағалаудың ЭЕМ қолдануға бағытталған қатаң әрі негізгі әдістерімен қатар, осыған ұқсас торды құрастырудың түрлерін салыстыра отырып далалық жағдайда жүйелі түрде көптеген негізгі шешімдерді қабылдауға болатын әдістері де бар. Мұндай ұқсас әдістер қазіргі кезде әмбебап емес, арнайы тор түрлеріне бағытталған.

Көпірлік өткелдің құрылысы кезінде жерде көпірдің тіреуіштерінің және басқа да көпірдің элементтерінің центрлерін анықтайды және бекітіп қояды, және де тіреуіштерді тұрғызу және аралық құрылымдарды монтаждау кезінде егжей-тегжейлі бөлу жұмыстарын жүргізеді.


Осы мақсатта көпірлік өткелдің құрылысының барлық кезеңдерінде бөлу жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ету үшін арнайы геодезиялық бөлу торын құрастырады. Бұдан бөлек, дұрыс орналасқан және сенімді бекітілген бөлу торы құрылыс кезінде және қолданысқа берілгеннен кейін де көпірдің деформациясын бақылау үшін негіз ретінде қызмет атқара алады.

Тіреуіштердің центрлерін бөлу әдістеріне және жердің жағдайына байланысты пландық бөлу торы 16 суретте келтірілгендей әдістермен құрастырылады.

Тіреуіштерді жарма бойынша жарық қашықтық өлшеуіштерімен бөлуге болатын жағдайда негіз ретінде көпірлік өткелдің өсін бекітетін бастапқы пункттер атқара алады. Бұл пункттер ізденіс кезінде бекітілген.

Тіреуіштердің өсін бөлу.

Ұсақ және орташа құрылымдардың тіреуіштерінің өстерін бөлу кезінде тіреуіштердің центрін жоба бойынша жолдың пикетажына байланған, құрылымның өсін және тіреуіштердің центрлерін бекітетін белгілердің (А және В пункттеріарасындағы қашықтықты өлшеп алу арқылы жерге түсіреді(10-сурет).



10 Сурет- Ұсақ және орташа құрылымдардың тіреуіштерінің өстерін бөлу: а) белгілердің арасындағы қашықтықты өлшеу арқылы; б) қосымша өсті қолдану арқылы

Егер де жергілікті жағдайға байланысты өткелдің өсінде қосымша көпірді орналастыру мүмкін болмаса, онда оны тура сондай қосымша өсті (17 сурет, б) салу арқылы оған бастапқы А және В пункттерін көшіріп шетіне орналастырады. Қосымша өсті қалау бойынша негізгі өске параллель етіп орналастырған дұрыс. Егер өстер параллель болмаса центрлер мен тіреуіштердің өстерін қосымша өстен негізгі өске ауыстыру кезінде олардың арасындағы бұрыш ескеріледі. Қыста өстерді бөлу мұзға қатырылған тақтай төсемнен жүргізіледі. Сызықтық өлшеулерді компарирленген шкалалы лентамен немесе темір рулеткамен жүргізеді. Лентаның тартылып тұруын динамометрмен реттейді немесе тәжірбиелі жұмысшының көмегімен жүзеге асырылады. Ұзындықты өлшеуде құралды (лента, рулетка) горизонтальды орналастырады; жердің еңкіштігі 3-5°-тан асқанда, құралдың горизонтальды орналасуы қиындатылған жағдайда түзудің ұзындығына қажетті түзетулерді енгізеді. Жердің бетін алдын ала тегістейді, төбелерді кеседі, бұталарды шабады және т. б. Құлама беткейлерде баспалдақты көпірлер құрастырып қашықтықты бір деңгейден екінші деңгейге тіктеуіштің көмегімен ауыстырған дұрыс. Өлшенген қашықтыққа өлшеу құралдарының компарирленгендігіне және өлшеу және тексеру кезіндегі температураның әртүрлігіне байланысты түзетпелер енгізеді. Бір құралмен тура және кері бағытта өлшейді, ал екі құралмен – бір бағытта[10].

1.10 Атқарушылық түсірістерді өндіру.

Жұмыстың әрбір кезеңінде нақты орналасуын анықтау және оны жобалық орналасуымен салыстыру мақсатында атқарушылық түсіріс жүргізіледі.

Жер төсемінің атқарушылық түсірісінде құралдармен бойлық өсін қайта қалпына келтіреді және әрбір пикетте ойпаттың, жол бойындағы арықтың енін және де баурайының тіктігін тексереді. Бақылаулық нивелирлеу жүргізеді және барлық пикетте және бойлық профильдердің сынуында өстердің, жиектердің, арықтардың түбінің және қырат арығының биіктіктері өлшенеді.

Атқарушылық түсірістің графикалық құжаттамасын AutoCad бағдарламасында дайындайды.

Қолда бар атқарушылық түсірістердің негізінде әрбір төселінген қабаттан кейін орындалған жер жұмыстарының көлемін есептеу жүргізіледі және шешім қабылдау үшін одан шыққан нәтижені жобалық мәнмен салыстырады.

1.11 Геодезиялық қамтамасыз етуде қолданылған геодезиялық аспаптар.

Leica NA 730 оптикалық нивелирі.

Оптикалық Leica NA 730 нивелирі – кәсіби типті құрал, ол алынатын мәліметтердің жоғары дәлдігін қамтамасыз етеді. Орташа квадраттық қателік

2,5 мм. Құралды құрылыс жұмыстарында геодезиялық және инженерлік ізденістерді атқаруда қолданылады.

Ерекшеліктері:

- Газға толтырылған көру дүрбісі температуралар ауытқуында линзалардың булануына кедергі болады;

- Жоғары сапалы ашықталған жиырма еселі үлкейту оптикасы жоғары анықтықты және бейненің контрастылығын қамтамасыз етеді. Линза диаметрі 30 мм.

- Бекіту батырмасы бар ауа компенсаторы қауіпсіз тасымалдауға арналған;

- Фокустаудың екі жылдамдығы;

- Корпустың екі жағында шексіз нысанаға дәлдеу винттері;

- Көтерме винттердің үлкейтілген жүрісі;

- Соққыға төзімді, эргономикалық, шаң және ылғалдан қорғалған IP57 ыкорпусы.

Нивелирдің түрі және сипаттамалары төменде көрсетілген (11-сурет, 6 кесте).



11 Сурет-Leica NA 730 оптикалық нивелирі

3 кесте-Leica NA 720 оптикалық нивелирінің сипаттамалары.

| | |
|---------------------------------------|--|
| Дәлдігі | 2,5 мм (1 км екілік жүріске орташа квадраттық қателік) |
| Үлкейту | 20X |
| Минималды фокустық арақашықтық | 0,5 м |
| Көру өрісінің бұрышы | 1°10' |
| Объектив диаметрі | 30 мм |
| Бейне | Тура |
